

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі «6D021300, 8D02303 – Лингвистика, 6D021000, 8D02306 – Шетел филологиясы, 8D01705 – Шетел тілі: екі шетел тілі, 6D020700, 8D02302 – Аударма ісі, 8D02208 – Түркітану» білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі құрылған диссертациялық кеңесінің 2024-2025 оқу жылының екінші жартысындағы жұмысы туралы

ЕСЕП

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылған «6D021300, 8D02303 – Лингвистика, 6D021000, 8D02306 – Шетел филологиясы, 8D01705 – Шетел тілі: екі шетел тілі, 6D020700, 8D02302 – Аударма ісі, 8D02208 – Түркітану» білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің құрамы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ректорының бұйрығымен бекітілді.

Диссертациялық кеңес құрамы: диссертациялық кеңес төрағасы – филология ғылымдарының докторы, профессор Мадиева Гүлмира Баянжанқызы; диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары – PhD, аға оқытушы Досанова Альбина Маратханқызы; диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, PhD, қауымдастырылған профессор Алдашева Камар Сағынғалиқызы, диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Фазылжанова Анар Мұратқызы.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 12 (қорғауға қабылдау, уақытша мүшелерді тағайындау, ресми рецензенттерді тағайындау, диссертацияны қорғау).

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 9 адам, олардың ішінде 4 адам (60%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 3 адам (40%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

Диссертациялық кеңестің барлық тұрақты мүшелері және уақытша мүшелері диссертациялық қорғауларға толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО	Докторанттың кеңесшілері
1	Жания Өмірханқызы Әбдиман (қабылдау, уақытша мүшелер мен рецензенттерді тағайындау және қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Отандық ғылыми кеңесші – Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан); 2. Отандық ғылыми кеңесші – Сулейменова Элеонора Дюйсеновна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан); 3. Шетелдік ғылыми кеңесші – Maria Lekic – PhD, професор (Вашингтон, АҚШ).
2	Серикбаева Айжан Дүйсенбаевна (қабылдау, уақытша мүшелер мен рецензенттерді тағайындау, бір уақытша мүшені қайта тағайындау және қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Отандық ғылыми кеңесші – Фазылжанова Анар Мұратқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы қ., Қазақстан); 2. Шетелдік ғылыми кеңесші – Olach Zsuzsanna – PhD, Сегед университеті (Сегед қ., Венгрия).
3	Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлы (қабылдау, уақытша мүшелер мен рецензенттерді тағайындау және қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Отандық ғылыми кеңесші – Ботагөз Мырзабайқызы Сүйерқұл – филология ғылымдарының докторы, Қазақ-Америка университеті профессоры (Алматы қ., Қазақстан); 2. Шетелдік ғылыми кеңесші – Нергис Бирай – филология ғылымдарының доктор, профессор, Памуккале университеті (Денизли қ., Түркия).

4	Избасарова Эльвира Иманалиевна (кабылдау, уақытша мүшелер мен рецензенттерді тағайындау және қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Отандық ғылыми кеңесші – Ботагөз Мырзабайқызы Сүйеркүл – филология ғылымдарының докторы, Қазақ-Америка университеті профессоры (Алматы қ., Қазақстан); 2. Шетелдік ғылыми кеңесші – Нергис Бирай – филология ғылымдарының доктор, профессор, Памуккале университеті (Денизли қ., Түркия).
---	--	--	---

4. Есеп беріліп отырған жылда кеңес қарастырған диссертациялардың қысқаша талдануы, келесі бөлімдерге мән берілді:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

Жания Өмірханқызы Әбдиманның диссертациялық жұмысы қазіргі лингвистикадағы өзекті мәселелердің бірі — саяси дискурстың құрылымы мен прагмалингвистикалық ерекшеліктерін талдауға арналған. Зерттеуде ағылшын тіліндегі ресми саяси жанрлардың бірі — инаугурациялық сөздер нысан ретінде алынып, олардың тілдік табиғаты жан-жақты сипатталған. Автор АҚШ президенттерінің инаугурациялық сөздерін талдау арқылы олардың құрылымдық-коммуникативтік, риторикалық, когнитивтік және дискурсивтік деңгейлерін жіктеп көрсеткен. Сонымен қатар, зерттеуде саяси дискурстың мәдени-ментальдық ерекшеліктері мен олардың прагматикалық ықпалына да назар аударылған. Тақырып қазіргі қоғамдағы тіл мен билік арасындағы өзара байланысты, соның ішінде саяси мәтіндердің қоғам санасына әсер ету тетіктерін ашып көрсетуге бағытталған. Мұндай зерттеулер лингвистика ғылымында тек құрылымдық деңгейде ғана емес, прагматикалық, когнитивтік және әлеуметтік контексте қарастырудың қажеттілігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбы дискурс лингвистикасы, когнитивтік лингвистика және саяси коммуникация салаларының тоғысындағы өзекті бағыт болып табылады.

Серикбаева Айжан Дуйсенбаевнаның диссертациялық жұмысы қазіргі қазақ тіл біліміндегі цифрлық лингвистика, әлеуметтік лингвистика, лексикография және неология бағыттарының тоғысында орындалған маңызды ғылыми ізденіс болып табылады. Зерттеу қазіргі заманғы коммуникация формаларының бірі – виртуалды кеңістікте қалыптасып жатқан жаңа тілдік бірліктерді ғылыми тұрғыдан жүйелеуге, оларды кодификациялау және лексикографиялау мүмкіндіктерін анықтауға арналған. Диссертациялық жұмыста қазақтілді интернет-коммуникацияда белсенді қолданылып жүрген неологизмдер, гибридті құрылымдар, кірме сөздер мен эмотикондар секілді

тілдік жаңартпалар нақты талдау нысаны ретінде қарастырылған. Автор бұл жаңартпалардың әлеуметтік-прагматикалық уәждерін, лингвистикалық табиғатын, қолданылу жиілігін, сондай-ақ нормативтік жүйемен арақатынасын жан-жақты сипаттайды. Жұмыстың өзекті қыры – интернеттегі қазақ тіліндегі бейформалды қолданыстарды ғылыми негізде жүйелеу, оларды сөздік құрамға енгізудің лексикографиялық тетіктерін ұсыну. Автор виртуалды мәтіндердің поликодтылығы, қысқарған құрылымдары, прагматикалық экспрессиясы мен визуалды толықтырылуы сияқты ерекшеліктерін де ескеріп, дәстүрлі тілдік нормадан ауытқудың себептерін және оның кодификацияға әсерін негіздейді. Осылайша, бұл диссертациялық зерттеу – заманауи тіл кеңістігіндегі қазақ тілінің өміршеңдігін, бейімделгіштігін және жаңа коммуникациялық реалияларға икемделуін көрсететін тың әрі өзекті ғылыми жұмыс ретінде бағаланады.

Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлы диссертациялық жұмысы когнитивтік лингвистика, тарихи ономастика және мәдени концептология тоғысындағы өзекті ғылыми бағытта орындалған. Зерттеу нысаны ретінде алынған «Қырымның қырық батыры» эпосының мәтіні – түркі дүниетанымының, әскери-тарихи сананың, батырлық идеалдың, есімдер жүйесі мен символдық белгілердің бай репрезентативті үлгісі. Автор эпикалық мәтіндегі ономастикалық бірліктерді (антропонимдер, этнонимдер, топонимдер), қару-жарақ пен соғыс құралдарына қатысты терминдерді, сондай-ақ тарихи-когнитивтік мәнге ие мәдени сөзқолданыстарды жүйелі түрде анықтап, оларды когнитивтік құрылымдар арқылы сипаттауға тырысады. Зерттеудің мақсаты — тарихи мәтін құрылымындағы тілдік бірліктер арқылы дәуірлік танымды, ұжымдық жадыны және батырлық концептіні айқындау. Жұмыста қолданылған негізгі әдістер қатарына когнитивтік модельдеу, семантикалық талдау, концептологиялық сипаттау, фреймдік құрылымдарды ажырату тәсілдері кіреді. Осы арқылы зерттеуші жыр мәтініндегі тарихи тілдік жүйенің ішкі логикасын, мағыналық ауқымын және мәдени-танымдық мазмұнын ашады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі – ұлттық тарихи танымды тіл арқылы зерттеу мүмкіндіктерін ғылыми негізде қарастыруында. Сонымен қатар, жұмыс қазіргі когнитивтік лингвистиканың әдіснамасын қазақ тарихи мәтініне қолданудың тәсілдерін ұсына отырып, лингвистика мен мәдениеттанудың өзара байланысын кеңейтеді.

Избасарова Эльвира Иманалиевнаның диссертациялық жұмысы қазіргі антропоөзекті лингвистиканың өзекті бағыттарымен үндеседі. Автор қазақ ғылымының іргетасын қалаушы, ағартушы-ғалым Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасын когнитивті-дискурсивтік, прагматикалық және лингвомәдени аспектіде кешенді зерттеу арқылы тіл мен таным, тіл мен мәдениет арақатынасын ашып көрсетеді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – тарихи тұлғаның идиостилін, тілдік бейнесін, прагматикалық қырларын когнитивтік лингвистика, дискурс теориясы мен лингвотұлғатаным әдістері арқылы жаңаша сипаттауында. Зерттеу материалы ретінде Ш. Уәлихановтың

көптомдық еңбектері мен жеке мұрағаты алынған. Бұл жұмыс тілдік тұлға мәселесін тарихи тұлға аясында зерделеудің үлгісі ретінде ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұрғыдан құнды. Диссертациядан алынған тұжырымдар лингвотұлғатаным, когнитивтік лингвистика, тарихи лексикография және дискурсивтік лингвистика салалары үшін маңызды бағыттар ұсынады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Әбдиман Жания Өмірханқызының диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда, жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының «Қоғамдық сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру» бағытымен үндес. Сонымен қатар зерттеу 2022 жылғы 16 наурыздағы Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауында айтылған қоғамдық коммуникация мен ақпараттық дискурс мәдениетін жетілдіруге бағытталған тапсырмалармен сабақтас.

Серикбаева Айжан Дуйсенбаевнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы «Ғылым туралы» Заңының 18-бабы 3-тармағында көрсетілген ғылымның басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен сабақтастығына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеу мазмұны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 908 қаулысымен бекітілген «Қазақ тілін дамыту мен қолданудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында қойылған міндеттерге жауап береді. Бұл бағдарламада қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолданыс аясын кеңейту, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға бейімделу, жаңа тілдік құбылыстарды жүйелеу, кодификациялау және лексикографиялау мәселелері басымдыққа ие. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс Мемлекет басшысының «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында айтылған тілдік жаңғырту, қазақ тілінің әлеуетін арттыру және оны қазіргі технологиялық кеңістікке бейімдеу туралы тапсырмаларына сай келеді. Айжан Серикбаеваның зерттеуі виртуалды кеңістіктегі қазақтілді мәтіндерде туындаған жаңа тілдік бірліктерді анықтап, оларды ғылыми негізде сипаттау, кодификациялау және сөздікке енгізу үдерісін қарастырады. Бұл бағыт – ұлттық тілдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тілді жаңғырту жолындағы маңызды ғылыми және практикалық үлес болып табылады.

Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлының диссертациялық жұмысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымның басым бағыттарының бірі – ұлттық мұра мен тарихи жадыны тану, тіл арқылы мәдени кодты зерттеу салаларына сәйкес келеді. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ұлттың тарихи санасын жаңғырту» бағытына толық сәйкес келеді. Зерттеу тарихи мәтінді когнитивтік тұрғыдан зерделеуді мақсат еткен, бұл «Ғылым туралы» Заңның 18-бабы, 3-тармағына сай гуманитарлық ғылымдардың дамуына ықпал етеді.

Избасарова Эльвира Иманалиевнаның диссертациялық жұмысы «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасындағы тарихи мұраны жаңғырту бағытымен тығыз байланысты. Зерттеу Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы арқылы ұлттық сана, тарихи жад, мәдени код мәселелерін зерделейді. Бұл жұмыс «Ғылым туралы» Заңының 18-бабы, 3-тармағында белгіленген әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың даму векторларына сәйкес келеді және тарихи лингвистика мен лингвомәдениеттану салаларындағы ғылыми бастамаларды қолдайды.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау:

Әбдиман Жания Өмірханқызының диссертациялық жұмысының нәтижелері лингвопрагматикалық талдау әдістерін тілдік коммуникация, саяси риторика және көптілді дискурс салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеудің негізгі теориялық тұжырымдары мен салыстырмалы талдау үлгілері жоғары оқу орындарының тілдік және аударма мамандықтарында, соның ішінде «Саяси дискурс», «Прагматика», «Мәтін лингвистикасы», «Стилистика», «Ауызша және жазбаша саяси коммуникация» секілді пәндерге интеграциялануға бейім. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері болашақ дипломаттар мен мемлекеттік қызметшілерге арналған кәсіби бағдарланған тілді оқыту курстарында саяси мәтіндермен жұмыс жүргізудің модельдерін ұсынуға негіз болады. Инаугурациялық сөздердің құрылымдық-коммуникативтік ерекшеліктері мен прагматикалық әсер ету құралдарының жүйеленуі практикалық риторика, көптілді саяси талдау, аударма практикасы бағытында нақты қолданыс таба алады.

Серикбаева Айжан Дуйсенбаевнаның диссертациялық жұмысы лексикографиялық практикаға, тіл саясатына және білім беру үдерісіне нақты енгізу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, зерттеу барысында жинақталған неологизмдер мен жаңа тілдік бірліктердің тізімі, олардың типологиясы мен сипаттамалары болашақта нормативті сөздіктерге енгізуге негіз бола алады. Сонымен қатар, жаңа медиа дискурсындағы тілдік үрдістердің ғылыми сипаттамасы мемлекеттік тіл саясатының цифрлық

кеңістіктегі құралдарын жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсынымдармен толықтырылады.

Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлының диссертациялық зерттеуі лингвокогнитивтік әдістерді тарихи мәтіндерге қолдану арқылы білім беру, ғылыми-зерттеу және аударма салаларында нақты практикаға енгізіле алады. Автордың мәтінді концептілік құрылымда қарастыруы, тілдік бірліктер арқылы тарихи ойлау мен таным үлгілерін сипаттауы – тарихи дискурс лингвистикасында тың бағыттар ашады. Зерттеу барысында жасалған когнитивтік модельдер, фреймдік құрылымдар мен дискурстық талдаулар жоғары оқу орындарындағы «Когнитивтік лингвистика», «Мәтінтану», «Тарихи лингвистика», «Мәдениетаралық коммуникация» пәндерінде қолдануға бейімделген. Сонымен қатар, зерттеуде пайдаланылған мәтіндер мен деректер қазақтың тарихи мұраларын жүйелеу, тарихи түсінікті тілдік репрезентация арқылы көрсету және тарихи концептосфераны сипаттау ісіне үлес қосады. Жұмыс нәтижелері сонымен бірге мектеп бағдарламаларында тарихи таным мен тілдің өзара байланысын меңгеруге, оқулық мәтіндерінің тілдік мазмұнын талдауға, мәдени лингвистика негізінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізе алады.

Избасарова Эльвира Иманалиевнаның диссертациялық жұмысы нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілу деңгейі жоғары деп бағаланады. Зерттеу нәтижелері Ш. Уәлихановтың дискурсивті қызметі мен басылымдары негізінде тілдік тұлғаның портретін сипаттау және үлгілеу іс-тәжірибесіне нақты үлес қоса алады. Диссертацияда ұсынылған әдістер мен тәсілдер тарихи тілдік тұлғаны қайта жаңғырту, лингвокогнитивтік модельдеу, жанрлық сөзжұмсам, когнитивтік поэтика мен стилистика салаларында, сондай-ақ семантикалық зерттеулерде қолданыла алады. Сонымен қатар жұмыс нәтижелері тілдік тұлға, дискурс теориясы, когнитивтік лингвистика, лингвотұлғатаным, когнитивтік-дискурсивтік талдау теориясы бойынша арнайы курстар мен семинарлар бағдарламасын дайындауда, соған сәйкес оқу үдерісінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің практикалық маңызын күшейтіп, тілдік тұлға ұғымының қолданбалы әлеуетін кеңейтеді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық кеңестің ережесіне сәйкес, әрбір диссертациялық жұмысты сараптау және объективті баға беру мақсатында екі ресми рецензент тағайындалды. Рецензенттер ғылыми дәрежесі бар тәжірибелі мамандар қатарынан таңдалды. Атап айтқанда, олар – филология ғылымдарының докторы, филология ғылымдарының кандидаты немесе PhD (философия докторы) дәрежесіне ие, сондай-ақ докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы жарық көрген болуы шарт. Ресми рецензенттерді бекіту барысында рецензент пен докторант арасында тікелей

ғылыми, академиялық немесе кәсіби тәуелділік болмауы қағидаты басшылыққа алынды. Бұл талап объективтілік пен академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында ескерілді. Рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін алдын ала тапсырды. Пікір мазмұнында келесі аспектілерге арнайы назар аударылды:

1. Диссертациялық жұмыстың ғылым саласының даму бағытына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

2. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми жаңалығы.

3. Автордың жеке ғылыми үлесі мен зерттеудің ішкі логикалық тұтастығы.

4. Жұмыстың ғылыми негізділігі, нақтылығы және практикалық маңыздылығы.

5. Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы.

6. Диссертациялық жұмыстың PhD дәрежесін беру талаптарына сәйкестігі туралы тұжырымды баға.

Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторанттың қолына берілді, және қорғау күніне кемінде 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің ресми интернет-ресурсында ашық түрде жарияланды.

Бұл талаптар диссертациялық кеңес қызметіндегі ашықтық, жариялылық және академиялық сапа стандарттарын сақтау мақсатында іске асырылды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Талапқа сәйкес, диссертациялық кеңеске енетін білім беру бағдарламалары бойынша қорғауға уақытша мүшелердің БҒССҚК ұсынған журналдарда кемінде 10 мақаласы және Scopus базасында 2 мақаласы (35 процентильден жоғары) болуы тиіс. Бұл талаптар әлемдік деңгейде танылған ғылыми нәтижелерге бағдарланғанымен, тіл, әдебиет және аударма салаларындағы жариялану мүмкіндіктерінің шектеулілігін ескермейді. Соның салдарынан кеңеске тартылуы тиіс білікті, тәжірибелі ғалымдардың қатысу мүмкіндігі тарылып отыр. осымен байланысты диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін іріктеуде БҒССҚК ұсынған журналдардағы мақала санына қойылатын талапты 10-нан 5-6-ға дейін азайту ұсынылады. Бұл Диссертациялық кеңестің кәсіби құрамын әртараптандыруға және тиісті салаларда ғылыми сараптаманың сапасын арттыруға ықпал етеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

№		«6D021300 , 8D02303 – Лингвистика	6D02100 0, 8D02306 – Шетел	8D01705 – Шетел тілі: екі шетел тілі	6D020700, 8D02302 – Аударма ісі	8D02208 – Түркітану
---	--	-----------------------------------	----------------------------	--------------------------------------	---------------------------------	---------------------

			филолог иясы			
1	қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	3	1	-	-	-
2	қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-
3	рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-
4	қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-
5	пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО	-	-	-	-	-

	докторанттарының)					
6	қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Мадиева

Г.Б. Мадиева

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Алдашева

К.С. Алдашева

«__» _____ 2025 ж.